

Н.С. Бекмолдин¹, А.А. Курманбаева^{2*}, Е.Б. Алиев¹¹Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Қазақстан, Алматы қ.²Тұран университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: alma_kurmanbaeva@mail.ru

**БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ
«ТҰРАН» ЭТНО-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛІНІҢ
ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

Бұл мақалада бұқаралық ақпарат құралдарының қазақ музыка өнеріне өзгеше сарынмен, өзіндік қолтаңбамен келген этно-фольклорлық топтардың бірі «Тұран» ансамблінің дамуына қосқан үлесі жайында жан-жақты зерттеледі. БАҚ-та «Тұран» ансамблі қалай насихатталды, ақпарат құралдары ансамбльдің нақты қандай өзгеше ерекшеліктерін аудиторияға таныстырды. Ансамбль мен аудиторияның (көрермен, тыңдарман) арасындағы кері байланысқа ұтымды жауаптар беріледі. Алғашқы заманауи кезеңдегі тыңдаушы мен орындаушының коммуникациясын қарастыру жақтары жазылады. Ұлттық өнерді дәріптеудегі БАҚ-тың кейбір көңіл бөлуге тиісті тұстары да айтылады, этно-фольклорлық ансамбльдің қалыптасуы мен даму жолы сөз етіле отырып, оның ұлттық музыкамызға қосқан айрықша үлесі нақты ғылыми тұжырымдармен тереңдей сараланады. Мақаланың мақсаты. Қазақ халқының үш мың жылдық тарихы бар Ұлттық өнеріміздің ХХІ ғасырда жаңа технологияларды қолдана отырып жаңашылдық сатысын қарастыру. Қазақстанның өркендеуіне, қоғамның дамуына: тарихын, мәдениетін, бар өмірлік болмысын негізінен ауызекі түрде, ән-күйлерінде, жырларында, аңыз-әңгімелерінде, ұрпақтан-ұрпаққа аманатқа қалдырған. Осы дәстүрді жеткіздіріп отырған этно-фольклорлық топтың практикасы арқылы өткізудің өзгеше жолы деп қарастыруға үлкен негіз бар.

Мақаланың ғылыми нәтижелері. Ғылыми мақалада «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің қазақ музыка өнерінің дамуына қосқан үлесі тақырыбы төңірегінде музыкатанушы, сазгерлер мен ғалымдардың баспасөз бетіндегі мақалалары мен еңбектеріне шолу жасалып, ғылыми негіз ретінде назарға алынған. Мақалада пайдаланылған әдебиеттер музыкалық шығармалар қай кезеңде орындалса да, қай аспапқа өңделіп жазылса да өз өзектілігі мен маңызынан, қызметінен жаңылмақ еместігін көрсетеді. Зерттеудің әдіснамасы мен өзектілігі: «Тұран» этно-фольклорлық ансамблі отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйену арқылы зерттелді: М.Мағауин, Е.Д. Тұрсынов, А.И. Мұхамбетова, Т. Әсемқұлов т.т. байырғы ұлттық музыкамыз бен ежелгі көне музыкалық өнер туралы ақпарат берген, алғашқы фольклористика туралы зерттеген ғалымдардың еңбегі арқылы қайта жаңғыруына, заманға лайық түрленіп, трансформацияланып тыңдарманға ұсынылуына өлшеусіз үлес қосты. Қобыз, жетіген, сазсырнай, дабыл т.б. осындай көне аспаптарымыз бен әуендеріміздің қазақ сахнасына оралуы үлкен жаңалық болды деп айтуға әбден негіз бар. Мақалада осы сияқты түйткілді түйіндер кеңінен зерттеліп сөз етіледі.

Түйін сөздер: БАҚ, этно-фольклорлық ансамбль, аудитория, ұлттық музыка өнері, композиция, трансформация, репертуар.

N.S. Bekmoldinov¹, A.A. Kurmanbayeva^{2*}, E.B. Aliev¹¹Kazakh National Academy of arts. T. Zhurgenova, Kazakhstan, Almaty²University «Turan», Kazakhstan, Almaty,

*e-mail: alma_kurmanbaeva@mail.ru

Contribution of Mass Media to the Development of Ethno-Folk Ensemble «Turan»

This article examines in detail the contribution of mass media to the development of the ethno-folk ensemble «Turan», which has become a kind of motif of the Kazakh musical art. The media introduced the ensemble «Turan» to the audience with its performance features. The relationship between the ensemble and the audience (audience, listeners) is described. Thanks to modern technologies, you can feel and understand the performing communication capabilities of the ensemble. The media should also pay special attention to the promotion of national art. The formation and development of the ethno-folk ensemble, its special contribution to national music is deeply analyzed with specific scientific formulations. Purpose of article: Consideration of a new stage of national art, which has a three-thousand-year history

of the Kazakh people, using new technologies in the XXI century. Historical, cultural values, musical art associated with traditional culture have mostly come down to us in oral form: in songs, legends, zhurs, etc. from generation to generation. And this practice and tradition can now be heard through the performance of an ethno-folk group covered by the media.

Scientific results of the article: The article about the contribution of the ethno-folk ensemble Turan to the development of Kazakh musical art reviewed articles and works of musicologists, composers and scientists in the press. The literature used in the article shows at what stage musical works are performed, on what instrument they can be processed, it can not be deprived of its relevance and significant activity. Methodology and relevance of the study: In the study of the ethno-folk ensemble "Turan", the works of Russian scientists who described the most important stages of the formation of folk music were studied and analyzed. Scientists such as: M. Magauin, E.D. Tursynov, A.I. Mukhambetova, T. Asemkulov, etc. thanks to their work, a methodological base was formed. The ethno-folk group has made an invaluable contribution to the revival and transformation, transformation and presentation of traditional musical instruments: Zhetygen, dabyly, sazsyrnai, etc.

Key words: mass media, ethno-folk ensemble, audience, traditional music art, composition, repertoire.

Н.С. Бекмолдинов¹, А.А. Курманбаева^{2*}, Е.Б. Алиев¹

¹Казахская национальная академия искусств им. Т. Жургенова, Казахстан, г. Алматы

²Университет «Тұран», Казахстан, г. Алматы,

*e-mail: alma_kurmanbaeva@mail.ru

Вклад средств массовой информации в развитие этнофольклорного ансамбля «Тұран»

В статье изучается концепция информационной поддержки и сопровождения деятельности этнофольклорного ансамбля «Тұран», ставшего своеобразным символом казахского музыкального искусства. В рамках просветительской и информационной работы СМИ знакомили аудиторию с исполнительскими особенностями и творчеством ансамбля. Авторы исследуют формы и методы коммуникационного взаимодействия творческого коллектива и аудитории через медиа. Благодаря современным технологиям можно ощутить и понять исполнительские коммуникативные возможности ансамбля. Также в статье говорится о том, что СМИ должны уделять особое внимание популяризации национального искусства. Становление и развитие этнофольклорного ансамбля, его особый вклад в национальную музыку, глубоко анализируются с научной точки зрения. Цель статьи – рассмотрение нового этапа национального искусства, имеющего трехтысячелетнюю историю во взаимосвязи с новыми технологиями XXI века. Исторические, культурные ценности, музыкальное искусство, связанное с традиционной культурой, в основном, дошли до нас в устной форме: в песнях, легендах, жырах и т.д. Из поколения в поколение. И эту практику, и традицию можно ныне услышать сквозь исполнительскую деятельность этнофольклорной группы, освещаемой СМИ.

Научные результаты статьи. В рамках исследования особую ценность представляет обзор статей и трудов музыковедов, композиторов и ученых, опубликованных в СМИ. Также изучены пересечения медиа и культуры, аспекты исполнительского мастерства, обработки и интерпретации произведений. Методология и актуальность исследования. Были изучены и проанализированы труды отечественных ученых, описавших важнейшие этапы становления фольклорной музыки, сформировавшие методологическую базу изучения музыкальных произведений: М. Магауин, Е.Д. Турсинов, А.И. Мухамбетова, Т. Асемкулов и т.д. Этнофольклорная группа «Тұран» внесла неоценимый вклад в возрождение, преобразование, трансформирование и представление традиционных музыкальных инструментов: жетыген, дабыл, сазсырнай и др.

Ключевые слова: СМИ, этнофольклорный ансамбль, аудитория искусство традиционной музыки, композиция, репертуар.

Кіріспе

Қазақтың музыкалық өнері қазақ халқымен бірге жасасып, ғасырлардан ғасырларға жеткен бекзат өнер. Оның бойына ұлттың қайғы-қасіреті, қуаныш шаттығы аумалы-төкпелі тағдыры сіңген. Яғни, осы ұлттық музыкамыз қазақ халқының асқақ рухын, адами болмыс-бітімін, салт-дәстүрін, дүние танымын айғақтайды. Әрине, қазақтың күрделі тарихы

секілді музыка өнерінің де өзіндік бұралаң тарихы бар. Түрлі өткелектерден өтті, заманның, саясаттың ығына қарай «түзелді, күзелді». Бірақ, қандай жағдайда да өзінің түп-тамырынан ажыраған жоқ. «XXI ғасырдан бастап өзінің даму жолында жанашылдық сатысын бастан кешіп келеді» (Жанұзақов, 2008. 865 б.). Қазақстанның өркендеуіне, қоғамның дамуына үш мың жылдық тарихы бар ұлттық өнеріміздің байлығы дәйек бола алады. Жалпы көшпенді

халық, оның ішінде қазақ елі өзінің осы уақытқа дейінгі тарихын, мәдениетін, бар өмірлік болмысын негізінен, ауызекі түрде: өздерінің әңкүйлерінде, жырларында, аңыз-әңгімелерінде, ұрпақтан-ұрпаққа аманатқа қалдырған. Қазақ ұлты да заманның бет алысына, дәуірдің талабына қарай өзгеріп дамыды. Ұлттық өнерін де соған сәйкес өркендетті. Ертеден санада сақталып, ауыздан-ауызға тараған рухани мұрамыз енді хатқа жазылып, қағазға түсті. Таспаланды. Ғылыми тұрғыдан зерттеліп теориялық негізі қалыптасты. Қазір ұлттық өнердің ең үлкен насихатшысы – БАҚ. Сондықтан ұлттық өнерді ұрпақ санасына сіңіріп, оның өзіндік аудиториясын қалыптастыруда ақпараттық құралдарға сүйенеміз. Бұл тұрғыда БАҚ-тың үлесі ұшан-теңіз. «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің дамуына қосқан үлесі сөзіміздің дәлелі.

«Тұран» этно-фольклорлық ансамблі аяғын қаз басып құрылған күннен бастап ақпарат құралдарының назарынан тыс қалған жоқ. Еліміздің түкпір-түкпіріндегі түрлі БАҚ жарыса жазды. Олардың өнерін насихаттады. Мұның өзіндік себебі де болды. Ансамбль атауынан бастап құрамындағы әрбір музыкалық аспапқа дейін өзгеше болуымен ерекшеленді. Ансамбль құрамындағы кәсіби білім алған музыканттар таланттарының арқасында үлкен леп алып келді.

Ансамбльдің әрбір жаңалығы аудиторияға уақытылы жетіп отырды. Мысалы, 2011 жылы 29 қыркүйек күні www.kazinform.kz сайтында ««Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің күйтабағы жарыққа шықты» деген материал жарияланды. Онда ансамбльдің жаңа күйтабағының жарыққа шыққанын сүйіншілеп айта отырып, күйтабақтың мазмұнына тоқталып, қандай шығармалар жинақталғаны туралы айтады. Осы шағын ақпараттың өзі «Тұранның» қандай да бір жаңалығы елеусіз қалмайтындығын көрсетеді. Алғашқы қадамын нық басқан ансамбль ары қарай да өркендеп дамыды, алыс-жақын шет елдерге шығып ұлттық өнерімізді насихаттады. Мысалы, ансамбльдің әр жылдары берген түрлі концерттерін республикалық телеарналар үзбей көрсетіп тұрды. «Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Таңшолпан» секілді көрілімі көп бағдарламалары ансамбль мүшелерін қонаққа шақырып, олардың өмір, өнер жолдарына арнайы тоқталып көрермендерге таныстырып отырды.

2018 жылы «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің құрылғанына 10 жыл толды. Осыған орай Қазақстандағы ірі ақпарат құралдары «Тұран» туралы түрлі репортаждар жасады,

танымдық мақалалар, ақпараттар жариялады. Мысалы, «Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Жаңалықтар» бөлімінде «Тұран» этно-фольклорлық ансамбліне 10 жыл» деген сюжет көрсетілді. Онда ансамбльдің басты музыкалық ерекшелігіне тоқталып, байырғы аспаптарды қалай тірілтіп жандандырғаны туралы айтылды, әрі ансамбль мүшесі Мақсат Медеубектен сұқбат алынды. Міне осының өзі ансамбльге көрсетілген үлкен ақпараттық қолдау.

Жоғарыда келтірген нақты мысалдардан «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің қалыптасып дамуына БАҚ елеулі үлес қосқанына көзіміз анық жетеді. Қазір ақпарат дәуірі. Өнердің қай түрінің насихаты ауқымды болса, соның жұлдызы жанады. Дегенмен ақпараттың да әр түрі болады. Қазақстандағы телеарналарды, сайттарды сүзіп қарағанымызда негізінен жалаң ақпараттардың көбірек берілетінін байқадық. Әрине аудиторияның қажетіне қарай солай берілетін де шығар. Дегенмен, танымдық, ғылыми теориялық дүниелер, кәсіби мамандардың нақты зерттеген еңбектері ғана шынайы өнердің көсегесін көгертеді. Өкінішке қарай қазіргі БАҚ-та осы жағы кемшіл. Болашақта өнерді биік өреде зерттеген, оның қырсырын, ішкі мазмұнын ашып көрсеткен, тарихына тоқталған ғылыми негізі басым материалдар көбірек жариялануы керек деп ойлаймыз. Осы ойымызды тиянақтыра түсу үшін мақаламыздың ендігі бөлімінде «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің қалыптасып даму тарихына, ансамбльдің өзіндік ерекшеліктеріне жан-жақты тоқталмақпыз.

Қандай бір өнердің зерттелу тарихы болады. Қазақ музыка өнерінің де зерттелу тарихы тым тереңде жатыр. Көптеген музыкатанушы ғалымдар осы саланы жіті зерттеп, көптеген ғылыми еңбектер жазды. Соның нәтижесінде қазақ музыка өнері бір арнаға түсті. Хатталып, қағазға жазылып, кейінгі ұрпаққа мұра болып қалды. Әрине, «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің де пайда болып дамуына қазақ музыка өнерінің зерттелуі үлкен әсер етті. Яғни, «Тұран» ансамблін таралымы тереңде жатқан қазақ музыка өнерінің бір тармағы, мөлдір бұлағы, заңды жалғасы деп қарауымызға болады. Сондықтан, негізгі тақырып туралы сөз қозғамас бұрын қазақ музыка өнерінің тарихына, оны зерттеген ғалымдарымыздың өмір баянына қысқаша тоқтала кеткеніміз жөн.

Материал мен әдістер. Қазақ халқының қазіргі заманғы кәсіби музыкасының негізін қалаған аға буын композиторлардың бірі –

А.К. Жұбанов. Ол халық күйлерін оркестрге лайықтап, нотаға түсірді және қазақ музыкасын күрделі аспаптық симфониялық шығармалармен байытты. (Соколова, 2004, 28 б.) Олар «Тәжік биі», «Қазақ билері», «Төлеген Тоқтаров», «Ария», «Вокальдік сюитасы», «Абай сюитасы» сынды тағы басқа шығармалар. Композитор ретінде қазақтың музыкалық мәдениетіне өзіндік әуендік өрнек қосқан көптеген ән мен күйдің, романстар мен хорлардың, аспаптық-симфониялық және вокальдік шығармалардың авторы. А. Жұбановтың композиторлық шығармаларының көрнектілері Л. Хамидимен (Намазова, 2002, 80 б.) бірлесіп жазған «Абай» (1944) және «Төлеген Тоқтаров» (1947) опералары, қызы Ғ. Жұбанова аяқтаған «Құрманғазы» (1970) (Күзембай, 2012, 408 б.) операсы деуге саяды. А. Жұбанов композитор ретінде түрлі жанрда қайталанбас құнды туындыларды: аспаптық, вокальдік шығармаларды, хорлар мен музыкалық-драмалық шығармаларды (опера, драмалық спектакльдер мен кинофильмдерге жазылған саундтректерді) дүниеге әкелді.

«Тұран» этно-фольклорлық ансамблі ежелгі аспаптарға қайтадан тіл бітіріп сахнаға алып келді. Ал осы аспаптарды ең алғаш зерттеп, зерделеп өз еңбектерінде оның мән-мағынасын ашып көрсеткен, көрнекті музыка зерттеуші ғалым Болат Шамғалиұлы Сарыбаев (Елеманова, 2012, 306 б.) еді. Музыка мәдениетінің өткеніне ой жүгіртіп, әр алуан тарихи деректеріне жүгінсек халық өнерінің қоры шексіз және музыкалық аспаптардың түрі көп болғанына көз жеткіземіз. Өткен ғасырлар үніне құлақ түрсек, біздің ата-бабаларымыз тастан, ағаштан, өсімдіктен, малдың терісінен, сүйегінен, мүйізден, ішектен, қылдан т.б. алуан түрлі заттардан дыбыс шығаруға болатынын аңғарып, қарапайым музыкалық аспаптар жасады.

Болат Шамғалиұлы Сарыбаев сол ұмыт болған қазақ халқының аспаптарын қайта жаңғыртып, олардың кең түрде насихатталуына мол еңбек сіңіріп, соңына қыруар мұра қалдырды. Ол көне аспаптарды жинауға 1960 ж. бастап кірісті. Сол жылдары Алматы консерваториясының ұстазы болып қызмет еткеннен бастап Б. Сарыбаевтың үйі ерекше мұражайға айналды. Ол жинаған аспаптар саны 300-ге (Қазбекұлы, 2018, 24 б.) жетті. Зерттеуші еліміздің түрлі аймақтарынан көне аспаптарды тауып, оларды зерттеп, жетілдіріп, орындау әдістерін меңгерді әрі осы көне аспаптардың жолын жалғастыру үшін шәкірттер тәрбиеледі. «1968 жылы көне ұлттық музыкалық аспаптардан ансамбль ұйым-

дастырды. Б. Сарыбаев аспаптарды ойнау тәсіліне қарай мынадай түрге бөледі: үрлемелі, ұрмалы, сілкімелі, ысқышты, ішекті, шертпелі, тілшекті» (Қасымбеков, 2014, 440 б.).

Қазақ фольклорлық-этнографиялық музыка өнерінің тарихын айтқанымызда талантты композитор Н. Тілендиевтің есімін айтпау мүмкін емес. Себебі, ол ұйымдастырған «Отырар сазы» (Ербол, 2018, 5 б.) фольклорлық-этнографиялық ұжымы қазақ музыка өнеріне үлкен серпін, сілкініс ала келді. Тыңдарман көңіліндегі бір бастықтың орнын толтырғандай болды. Ұзақ уақыт санасынан өшкен байырғы ұлттық әуенді жандарында қайтадан жаңғыртты. «Өнерді идеологияның қаруы еткен Совет үкіметі кезінде «Отырар сазындай» ансамбльдің құрылуының өзі ерлікке пара-пар іс еді» (Bartol'd V. Tureskii epos I Kaukas., p. 483). Қалай десек те, Н. Тілендиевтің мұндай көзсіз ерлігін, жан аяспас еңбегін ұлттық музыканың дамуына қосқан теңдессіз үлесі деп бағалауға тиіспіз. Себебі, Н. Тілендиев басқарған ансамбль тек қана ұлттық өнердің жаршысы болды.

Н. Тілендиев салып берген «Отырар сазының» сара жолын «Ғасырлар пернесі», «Сазген», «Адырна», «Алтынай», «Сарын» (Аравин, 2015, 9 б.) т.б. фольклорлық ансамбльдер жалғады. Олар да өз қадір хәлінше осы ұлттық өнердің көсегесін көгертуге еңбек етті. Міне, «Тұранға» дейінгі этно-фольклорлық ансамбльдердің қысқаша тарихы осындай. Қарап отырсаңыз этно-фольклорлық ансамбльдердің қиын-қыстау кезеңдерде еткен еңбегі халыққа үлкен рухани тіреу болды. Өздерінің жолын жалғап «Тұран» сияқты этно-фольклорлық ансамбльдердің пайда болуына түп негіз болды.

Бүгінгі таңда қазақтың төл өнерін заманға лайықтап, бейімдеп Болат Сарыбаевтың зерттеген аспаптарын әр түрлі формада тыңдарман қауымына жеткізіп жүрген бірнеше этно топтар бар. Соның ішінде «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің алар орыны айрықша. Аталмыш ансамбль тек Қазақстан аумағымен шектелмей, алыс-жақын шет елдерге ұлттық өнерімізді дәріптеп, танылып жүр.

Ғылыми әдіснама. «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің тарихы «2008 жылдан бастау алады. Қазіргі таңда топ құрамында Серік Нұрмолдаев, Бауыржан Бекмұханбет, Мақсат Медеубек және Ержігіт Алиев өнер көрсетеді» (Алшанов, 2018, 720 б.) Ансамбльден бөлек топ мүшелері Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы мен Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында ұстаздық

қызмет атқарып, аталған оқу орындарында магистратура, докторантура бойынша өздерін жан-жақты жетілдіріп, білімдерін шыңдауда. Қазақ халқының сыбызғы, сазсырнай, домбыра, қобыз, жетіген, шіңкілдек сияқты саз аспаптарын, көмеймен ән айту мәнерін өзара үндестіру арқылы көне сарынның заманауи тұрғыда қайта жаңғыртудағы ізденістері ансамбльдің құрылуына түрткі болды.

Аталған ұжым төрткүл дүние тыңдармандарын өз өнерімен тамсандырып үлгерді. Әлемнің 70-тен астам мемлекеттерін, оның ішінде «Карнеги холл» (Нью-Йорк, АҚШ), «Кеннеди центр» (Вашингтон, АҚШ), «Концерт хаус» (Берлин, Германия), «Кремль сарайы» (Москва, Ресей), «Конгресс және фестиваль сарайы» (Канны, Франция), «Салле Корто» (Париж, Франция) және т.б. әлемге танымал үлкен концерттік залдарда 600-ге жуық жеке концерттерін өткізіп, ұлттық өнеріміздің насихатталуына, дамуына үлкен үлесін қосып келеді. «ТҰРАН» ансамблі Беларусь, Норвегия, Ресей, Әзірбайжан, Венгрия, Татарстан, Түркия елдеріне әлемдік турне жасады. Сонымен қатар ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының қаржылай қолдауымен «ТҰРАН» тобы Қытай Халық Республикасының Шунде, Шеньчжень, Цинхуандао, Пекин, Шанхай, Ханчжоу қалаларында жеке шығармашылық концерттерін өткізді. Аталған ұжым, ҚР Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы, рухани саламыздың дамуына өзгеше серпін ала келгені баршаға мәлім. Аталмыш мақалада айтылған «Ұлы даланың» құндылықтарын насихаттау, ұлықтау әрбір өнер иесінің міндеті (Назарбаев, 2018. 2 б.) десек те болады. «Тұран» этно-фольклорлық ансамблі де бұл игілікті науқанға өзінше үн қосты. Яғни, ҚР Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың тікелей қаржылай қолдауымен Монте-Карло, Канны және Париж қалаларына концерттік турне жасап қайтты. Сондай-ақ Сауд Арабиясының Эр-Рияд қаласында өткен «Nomad Universe» фестиваліне «ТҰРАН» қазақ музыка мәдениетінің өкілдері және фестивальдің құрметті қонағы ретінде шақыртылды. Ансамбльдің осы уақытқа дейін қоржынында 40-тан астам шығармалар және екі бейнебаян бар. Тұранның халыққа танымал, өзіндік ойып алар орны бар бірнеше композициялық шығармаларына талдау жасасак, соның ішінде 2008 жылы ең алғаш шыққан «Қазақ елі» шығармасын айрықша атауға болады.

Бұл шығарма қазақ елінің асқақ та айбынды, жауынгерлік рухқа толы, өзгеше болмысын

сипаттайды. Мысалы, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Қазақ жері» өлеңінің:

«Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!
Батырлар дүрілдеп өткен жер,
Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,
Ғашықтар бір-бірін өпкен жер,
Сарылып сал-сері кеткен жер.
Бас иіп, иіскеп топырағын,
Тағзым жасамай өтпендер!»
(М. Мақатаев, 2003, 36 б.) –

жолдарын шығармаларының өзегі етіп, тыңдармандарына айрықша рух сыйлады. Бұған дейін поэзия түрінде ансамбль құрамында өлең оқу кездескен емес. «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің енгізген жаңалықтары өз алдына бір төбе. Мысалы, елімізде көмеймен ән айту дәстүрін – Еділ Құсайынов тек бір дыбыс алу арқылы әр түрлі аспаппен жалғыз өзі айтып келген. Ал «Тұран» болса, бұл дәстүрді өзгеше дамытып түрлендірді. Яғни, олар Махамбеттің жырына өзгеше мақам, айрықша әуен қоса отырып, көмеймен жырлап көркем түрде жеткізді. Сонымен қатар, ансамбль құрамына қыл қобыз аспабымен желдің дыбысын әрлеуді енгізді. Қазақ елінің барлық көрінісін, батырлығын, табиғатын әсемдеді. Қобыз аспабымен қасқыр үнін музыкалық әдістермен, жетігенде – судың сылдырын, домбырада – аттың шабысын көрсетті. Осындай көпке мәлім «Тұран» ансамблінің бойтұмарына айналған бұл туындыларды кез келген сахна төрінен естуге болады. Мысалы, би топтарының көпшілігі арнайы осы шығармаға би қойып өнер көрсетіп жүр. Ансамбльдің айрықша шығармаларының бірі «Ер Тұран». Ол қазір кино әлемінде тыңдарманына айрықша рух сыйлайтын танымал саундтрекке айналды. Шығарма алғаш «Өрлеу» деген атпен дүниеге келген. Кейіннен атауына өзгерту енгізілді. Композицияның батиғатын ашып, сөзін жазған белгілі ақын – Исраил Сапарбай. Қазақ өнерінде ұрмалы аспаптар тек әсемдік ретінде қолданылып, бірінші қағыстарға көңіл бөлінсе де, еш уақытта екпін түсіріліп ойналмаған. «Тұран» ансамблі эксперимент ретінде барлық шығарманы ұрмалы аспаптың, яғни даңғыра аспабының ырғағына баса көңіл бөлді. Негізі, ұрмалы аспаптар жаугершілік заманында жаудың келе жатқанын ескерту мақсатында қолданылған. «Тұран» ансамблі оны заманға лайықтап, қайта жаңғыртып намысын қайрап, рухты ояту мақсатында қолданды.

«Тұран» ансамблінің репертуарындағы ең кеңінен таралған музыкалық шығарма, жалпы

Түркия елінің саяси партияларының әнұранына айналған және «Ертұғырыл» телехикаясының саундтрегі ретінде қолданылған. Қазіргі кездегі тарихи киноларда да жиі қолданылады. Сонымен бірге, Мұхтар Әуезов театрының қойылымдарында соғыс, шайқасты, батырлықты көрсететін сахналарына спектакль атмосферасын беруде үлкен роль атқарып жүр. «Ер Тұран» шығармасының түпкі мақсаты барлық түркі елдерін бірігуге шақыру. Қазіргі таңдағы жандық мәселелерге байланысты рухты ояту, сұйылып бара жатқан жастарымызға ой салу. Ансамбльдің дәл осындай рух көтеретін, намысты оятатын шығармаларының бірегейі «Ұлы Тұран Мәңгілік».

«Ұлы Тұран Мәңгілік» деп ұрандатқан ансамбль Тұран ойпатында мекен еткен түркі тілдес елдердің ерлігін айтуымен қатар, қазіргі ұрпаққа ата-бабаларымыздың сол ерлігін еске салу мақсатында орындалып жүр. Шығарма сөзін жеті буындық жыр мақамына салып жазған белгілі ақын Бақыт Беделхан. Бұл композицияның ерекшелігі ансамбль құрамында «қамыс сырнай» атты қазақтың көне музыкалық аспабы алғаш рет қолданылады. Сонау сақ тайпаларының кезінен бастап, қазіргі заманға дейінгі кезеңдерді жырлайтын бұл шығарма:

«Сактан қалған салтымды, Ғұннан қалған ғұрпымды,
Түп қазыққа байлаған, Ұлы Тұран Мәңгілік!
Түркіден қалған жұртымды, Жәнібек-Керей ту қылып,
Ұлық қылған ұлтымда, Ұлы Тұран Мәңгілік!
Есімнің ескі жолымен, Қасымның қасқа жолымен,
Көрінген Тәуке төрінен, Ұлы Тұран Мәңгілік!
Абылайы жыр болған, Тұғыр болған, ту болған,
Кеңесары мұң болған, Ұлы Тұран Мәңгілік!
Кәрісің бе, жассың ба, кеуде толған тасқынға,
Алаш туы астында, Ұлы Тұран Мәңгілік» –

деп адамзат рухын оятарда ерекше сезім сыйлары хақ.

Үш бөлімнен тұратын композицияның алғашқы бөлімінде – көне кезеңнің сағымдары (архаикалық мәдениет) елестесе, ал екінші бөлімінде жиналып жатқан саң-мыңдаған батырлардан құралған әскери жасақтың бейнесі көрінердей. Осыдан кейін жырдың өзі басталады. Шығарма 2016 жылы 16 желтоқсанда «Голос Великой степи». Заключительный концерт V «Абязов-фест» атты фестивалінде Камералық оркестрге лайықталып, алғаш рет Қазан қаласында Ла Примера оркестрімен орындалды. Жеті буынды, Қызылорда өңірінің жыр мақамдарына ұқсастырылып жазылған бұл шығарма тыңдармандардың көңілінен айрықша

орын алды. Мұндағы асқақ рух, қайтпас қайсар жалынды жігер тыңдаған жанды бей-жай қалдырмасы анық.

Ансамбльдің тағы да бір сүйекті шығармаларының бірі – «Қилы заман» композициясы. Бұл шығарма жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесі желісінде жазылған. «Қилы заман» композициясы бастапқы кезде үш ішекті домбыраға арнап жазылған, кейін ансамбльге лайықтап өңделген. Шығарманы тыңдарман тыңдаған сайын көзіне жас алмай тұра алмайды. Себебі, шығармадағы екпін, ырғақ, ерекше әуез бен қайталанбас сарын сіздің ішкі жан-дүниенізге өзгеше сезім сыйлары хақ. Бірде тыңдарманның көз алдына 1916 жылғы Ұлт азаттық көтеріліс елестесе, енді бірде күнделікті өмірде кездесетін тірліктің бітпейтін тауқыметімен, таусылмайтын кедергілері елестеп іштей тынасыз. Бірақ, шығармадағы жаныңызды баурайтын сиқырлы үн сізді қайтадан серпілтіп, рухтың биігіне алып шығады. Сөйтіп, тыңдарманын әр түрлі көңіл күйге бөлейді.

Этно-фольклорлық ансамбльдің бөгенайы бөлек шығармаларының бірі «Ортеке» (Осы шығарма 2010 жылы Халықаралық «Ортеке» фестивалінде Гран-При иегері атанды). «Ортеке» өнері XIX ғасырдың басында қазақ даласында кеңінен тарады. «Ортеке» арнайы жасалған тұғырға орнатылады да, домбырашының саусағына жіппен байланады. Күйші аспапта ойнай бастағанда перне басқан саусақтардың қозғалысымен қуыршақ әсем биге баса жөнеледі. «Ортеке» ойынын кейбір зерттеушілер ата-бабаларымыздың театр қойылымының алғашқы бастамасы деп те айтады. «Тұран» орындайтын «Ортеке» шығармасында өмір сабақтастығы әуен арқылы және үш қуыршақтың көрінісімен бейнеленеді. Өмірдің үш кезеңі: бала кезең, орта буынғы кезең және қарттық кезеңі шығармаға өзек болады. Шығарманың бірінші бөлімінде шертер аспабының қоңыр үнімен Абзал Арықбаев үлкен қарт кісінің бейнесін баяндайды. Яғни, алдыңғы буынғы аталарымыздың айтқан салиқалы сөздерін музыкалық ойын арқылы сипаттайды. Кейінгі бейнеде орта буындағы жастардың құлшынысы көрсетіледі. Жастардың ойын-сауық құруын, ауылдағы той-сауықтың өтуін домбыра аспабымен Бауыржан Бекмұханбет жеткізеді. Ал үшінші кезеңге – еш уайымсыз, ойын күлкімен өткізген балалық шақ арқау болады. Мұны Серік Нұрмолдаев шіңкілдек немесе балақай домбырада ортекені билету арқылы сүйемелдейді.

Осы арқылы адам өмірінің тұтас картинасын суреттейді. Әр кезеңнің өзіндік болмыс-

бояуын тындарманға жеткізеді. Әртүрлі әуенмен сүйемелденген қуыршақтардың қимыл әрекеті тұнып тұрған философия деуге болады. Яғни, «Тұран» бұл шығарма арқылы адамның туғаннан жер қойнына кіргенге дейінгі өмір сорабын айта отырып, әр кезеңнің өзіндік ерекшелігі бар екенін меңзеп үлкен ой түйеді.

Қорытынды

Қазақ өнері түрлі «Соқтықпалы, соқпақты» кезеңдерді бастан кешірді. Дамыды, жетілді. Кейде тіпті құлдырады, кері кетті. Әсіресе, Совет үкіметі кезінде ұлттық өнеріміз талан-таражға түсті, жойылуға шақ қалды. Музыка өнері де ол кезде үлкен сүзгіден өтті. Көптеген ән-күйлерімізді айтуға тыйым салды. Кейбіреулерінің мәтіні, әуені бұрмаланды. Сөйтіп, саясаттың ықпалынан ғасырлар қойнауынан жеткен асыл мұраларымыз өзінің туған халқынан алыстап, шеттеп қалды. Тәуелсіздік алғалы ұлттық өнеріміздің бойына қайтадан қан жүгіре бастады. Ұмыт болған өнерімізге іздеу салынып, оны қайта жаңғыртудың жолдары қарастырылды. «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің құрылуы осындай үлкен бастықтың орнын толтырды. Ансамбльдің басты ерекшелігі де міне

осында. Яғни, «Тұран» этно-фольклорлық ансамблі жоғарыда айтқанымыздай байырғы музыкалық аспаптарымызды тірілтті, ежелгі музыкалық сарындарымызды қайтадан сахнаға алып келді. Осы мақсатта аянбай еңбек етті. Соның нәтижесінде, арысы әлем, берісі түркі елдеріне кеңінен танылды. Ең бастысы ұлттық музыкамызға өлшеусіз олжа салды. «Тұранның» әрбір әуені, әрбір сарыны тындарманына рух сыйлады.

«Тұран» этно-фольклорлық ансамблі туралы айтқанда мына бір дүниеге баса назар аударуымыз керек. Қазақ халқы өзінің ұлттық болмысынан ажырап қалған ұлт. Мұндай ұлттар қай кезде де жасық, қара кеміктеу келеді. Ал, өзінің түпкі санасына оралып байырғы болмысын таныған ұлт қандай да бір кедергілерді бұзып жара алады. Демек, қазақтың жоғалған мінезін түгендеп, ескірген салт-дәстүрін қайта тірілтіп, шынайы болмысымызға жетелеп алып келуде «Тұран» сияқты этно-фольклорлық ансамбльдердің ролі өте зор. Сондықтан «Тұран» жалаң ғана әуен мен ырғақтан ғана тұратын ансамбль емес. Ол ұлттың жаны, ұлттың жоғалған жады, түпкі санасы. Музыкалық тұрғыда ашқан жаңалығы әрине өз алдына бір төбе. Бірақ, ұлтты ояту тұрғыдағы сіңірген еңбегін бәрінен де биік деп түсінгеніміз абзал.

Әдебиеттер

- «Тұран ансамблінің 10 жылдық мерейтойы»//«Айқын». – Алматы. – 2018. – 24 б.
- Алшанов Р.А., Аханов С.А. Қазақстан рекордтар кітабы 2014 – 2018 «КинЭС». – Алматы: Университет «Тұран», 2018. – 720 б.
- Аравин Ю. Гений XX века // «Казakhstanская правда». – 2015, апрель.
- Бартольд В. Турецкий эпос и Кавказ. – Соч. – Т.5. – М., 1968. – 483 с.
- Benjamin W. Smith. Working with Rock Art: Recording, Rock art, shamanism and history: Implications from a central Asian case study, knuthelskog, davidmorris2012 Wits University Presspp. – P.193-204.
- Christopher A. Miller. Music in Mainland Southeast Asia: Experiencing Music, Expressing Culture. Global Music Series by Gavin Douglas Asian Music Vol. 43, No. 2 (SUMMER/FALL 2012). – PP. 167-170
- Classical Traditions; MaqâmNavâ: JurabegNabiev and the DorrdâneEnsemble; Music of the Uighurs: Traditions of Ili and Kashgar; The Kobyz: The Ancient Viol of the Shamans; The Rough Guide to the Music of Central Asia Rachel Harris Ethnomusicology Forum Vol. 14, No. 2, Music and Identity in Central Asia (Nov., 2005). – PP. 269-272.
- Confrontation in and through the Nation in Kazakh “Aitys” Poetry Eva-Marie Dubuisson Journal of Linguistic Anthropology Vol. 20, No. 1, Special Issue: Performing Disputes (June 2010). – PP. 101-115.
- Kendirbaeva Gulnar. Folklore and Folklorism in Kazakhstan Asian Folklore Studies Vol. 53, No. 1 (1994). – PP. 97-123.
- Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 865 б.
- Елеманова С.А. Наследие тюркской культуры (исторический обзор казахской традиционной музыки). – Алматы: Кантана-пресс, 2012. – 306 с.
- Ербол М. Saryn art and science journal 4 (17) 2017 «Қазақстандағы қазіргі заманғы фольклорлық - этнографиялық ансамбльдер» мақала. Алматы қ. 2018 – 74-79 б.
- Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік/ жалпы ред. басқ. М.Б. Қасымбеков, жобаның ғыл. жетекшісі А.Қ. Құсайынов. – Алматы: “КАЗАҚПАРАТ” баспа корпорациясы, 2014. – 528 б. ISBN 978-601-03-0301-0. Т. 13: Биология. – 2014. – 528 б. ISBN 978-601-03-0314-0
- Karakalpakistan. Music of the World series by Asian Music Vol. 42, No. 1 (WINTER/SPRING 2011). – PP. 145-148.
- Күзембай С.Ә. Ұлттық музыкатану ғылымының өзекті мәселелері: таңдамалы зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: «Күс жолы», 2012. – 408 б.

- Намазова Қ.Б. Көне аспаптар күмбірі. – Алматы, 2002. – 80 б.
- Мақатаев М. «Аманат» өлеңдер жинағы. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2002. – 304 б.
- Соколова А.Н. Адыгская гармоника в контексте этнической культуры. – Майкоп: Качество, 2004. – С. 25-26.
- Feza Tansuğ A bibliographic survey of kazakh and kyrgyz literature on music Yearbook for Traditional Music Vol. 41 (2009). – PP. 199-220.
- Feza Tansuğ A bibliographic survey of kazakh and kyrgyz literature on music Yearbook for Traditional Music Vol. 41 (2009), pp. 199-220
- <https://www.questia.com/library/journal/1P3-1952932981/a-bibliographic-survey-of-kazakh-and-kyrgyz-literature>
- Frédéric Léotar, Bruno Deschênes. La Voix des Ancêtres / The Voice of Ancestors – Karakalpakistan. Music of the World series by Asian Music Vol. 42, No. 1
- https://www.researchgate.net/publication/236722849_La_Voix_des_Ancetres_The_Voice_of_Ancestors-Karakalpakistan_review
- ҚР Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев // «Егемен Қазақстан». – 2018. – 2 б.

References

- “Айқын” газети. “Turan ansambliniń 10 jyldyq mereitoy”. – Almaty q. 2018 j. – 24 b. [Aikyn newspaper. “10th anniversary of the Turan ensemble”.]
- Aravin Iy. Genii HH veka, gazeta “Kazhstanskaia pravda”, aprel 2015 g
[Genius of the twentieth century, Kazakhstanskaya Pravda newspaper, April 2015]
- Alshanov R.A, Ahanov S.A. Qazaqstan rekordtar kitabı 2014 – 2018 [Kazakhstan book of records]. “Kines”. – Almaty: Ýniversitet “Turan”, 2018 j. – 720 b
- Aravin Iy. Genii HH veka, gazeta “Kazhstanskaia pravda”, [Genius of the twentieth century] aprel 2015 g.
- Bartol'd V. Tureskii epos I Kaukas. [Turkish epic and Caucasus] – soch., t.5, M., 1968, p. 483. [Kazakh-Russian terminological dictionary, headed the general editorial office of Bartold V. Turkish epic and the Caucasus.]
- Benjamin W. Smith. Working with Rock Art: Recording, Rock art, shamanism and history: Implications from a central Asian case study, knuthelskog, davidmorris2012 Wits University Presspp. 193-204
- Christopher A. Miller.Music in Mainland Southeast Asia: Experiencing Music, Expressing Culture. Global Music Series by Gavin Douglas Asian Music Vol. 43, No. 2 (SUMMER/FALL 2012), pp. 167-170
- ClassicalTraditions; MaqâmNavâ: JurabegNabiev and the Dorrdâne Ensemble; Music of the Uighurs: Traditions of Ili and Kashgar; The Kobyz: The Ancient Viol of the Shamans; The Rough GulnarKendirbaeva. Folklore and Folklorism in Kazakhstan Asian Folklore Studies Vol. 53, No. 1 (1994), pp. 97-123
- Guide to the Music of Central Asia Rachel Harris Ethnomusicology Forum Vol. 14, No. 2, Music and Identity in Central Asia (Nov., 2005), pp. 269-272
- Confrontation in and through the Nation in Kazakh “Aitys” Poetry Eva-Marie DubuissonJournal of Linguistic Anthropology Vol. 20, No. 1, Special Issue: Performing Disputes (June 2010), pp. 101-115
- Erbol M. “Qazaqstandaǵy qazirgi zamanǵy fólklorlyq – etnografialyq ansámblider” maqala. Almaty q. 2018 [“Modern folklore and ethnographic ensembles in Kazakhstan»]
- Elemanova S. A. “türki mádenietiniń murasy” (qazaq dástúrli mýzykasyna tarıhı sholý). Almaty: Kantana-pres, 2012. 306 s. [“Heritage of the Turkic culture “(historical review of Kazakh traditional music)]
- Januzakov T., Qazaq tiliniń túsindirme sózdigi. [Explanatory Dictionary of the Kazakh language] Almaty: Daik-Pres, 2008. 865 б.
- Maqataev M., “Amanat” óleńder jınaǵy, “Atamura” baspasy, 2002 j. 36 b.-304 b.
[M. Makatayev, collection of poems «Amanat», publishing house «Atamura», 2002 p. 36-p.304].
- Namazova Q.B.”Kóne aspaptar kúmbiri”: – Almaty q. 2002 ж. – 80 б. [Vintage appearance instruments]
- Kúzembai S.Á. “Ultyq mýzykatany ǵylymynyń ózekti máseleleri” tańdamaly zertteýlermen maqalalar. – Almaty: “Qus joly», 2012 ж. – 408 б. [Articles with selected studies «actual problems of national musicology»]
- Qazaqsha-oryssha, oryssha-qazaqsha terminologialyq sózdik/jalpy red. basq. M.B.
- Feza TansuğA bibliographic survey of kazakh and kyrgyz literature on music Yearbook for Traditional Music Vol. 41 (2009), pp. 199-220
- FrédéricLéotar, Bruno Deschênes. La Voix des Ancêtres / The Voice of Ancestors – Karakalpakistan. Music of the World series by Asian Music Vol. 42, No. 1 (WINTER/SPRING 2011), pp. 145-148
- Qasymbekov, jobanyń ǵyl. Jetekshisi A.Q. Qusaynov. Almaty: Kazaqparat, 2014. 440 b.
- QR Tuńǵysh Prezidenti N. Á. Nazarbaev, “Egemen Qazaqstan” gazeti 2018. 2 b.
- Turan ansambliniń 10 jyldyq mereitoy.Айқын газети. – Almaty q. 2018 j. – 24 b. [Aikyn newspaper. “10th anniversary of the Turan ensemble”.]
- Sokolova A.N. The Adyghe harmonica in the context of ethnic culture. Maikop: Kachestvo, 2004, P. 25-26 бб. [Adyghe harmonica in the context of ethnic culture]